

Бекітілді
№ 23 «Балықшы» балықшы бақпасының
менгерушісі Урғашыев Р.Ж.
08.02.2020



**2020 – 2021 оқу жылына арналған ересек «Қарлығаш» тобының
вариативтік бөлім жоспары**

«Сөйле балақай»

2020 – 2021 оқу жылы.

Түсінік хат

Балаларға арналған көркем шығармалар- баланы шынайы болмыстағы нақты әрекеттерден тысқары тұрған шалқар кеңістіктегі сан алуан құбылыстар мен адамдар әрекетімен таныстыра отырып, оны көркемдеп, баяндап, сонымен бірге баланың сөздік қорын молайтып, тілін дамытады. Көркем шығармалар қоршаған әлемді, дүниенің тұтас күшін танытумен бірге, сан алуан күйде ондағы заттармен құбылыстардан хабардар етеді. Мұндай шығармалар ересектер мен балалардың бірлескен әрекеттерінің мазмұнын байыта түседі.

Мақсаты:

Халық ауыз әдебиеті мен балалар шығармаларымен таныстыру. -Жақсылық, өзара көмек, достық туралы дағдыларын қалыптастыру.

Міндеттері:

Барлық дыбыстар мен сөздерді дұрыс айтуға үйрету.

Сөздік қорын байытып, сөйлеу барысында өз ойларын дұрыс, толық және қысқаша жеткізе білу дағдыларын қалыптастыру. Байланыстырып сөйлеуге үйрету.

Шығармашылық тілді дамыту.

-Халық ауыз әдебиеті мен балалар әдебиеті арқылы адами қарым-қатынас әлемімен таныстыру.

Ертегі, өлең әңгіме, мақал –мәтел, жұмбақ, сахналау кейіпкерлердің қарапайым қарым-қатынастарын бағалауға тәрбиелеу.

Үлкендермен құрдастарымен жайдары әңгімелесе білу дағдыларын қалыптастыру.

Тақырыптық жоспары 36 сағатқа бөлінген. Ол аптасына 1 рет өтеді. Тақырыбы мен сағат саны жоспарда көрсетілген.

Ай	Апта	Тақырыбы	Мақсаты	Көрнекіліктер	Сағат
Қыркүйек	I-апта	«Сәлем берем үлкенге» Ө.Ақыпбеков	Бір-біріне қайырлы таң , амандасуға үйрету Күнделікті өмірде амандасу сөздерін қолдануға,қарапайым таныстыру ережелерін үйрету.. Жақсы сөздер айтуға баулу, амандасуға үйрету.	Үлкендер мен бүлдіршіндер бейнеленген суреттер.	1
	II-апта	«Біздің балабақша,біздің топ»	Балабақша және біздің топ туралы қызығушылықтарын ояту.Топтағы үлкендермен және достарымен қарым қатынасын қалыптастыру.	Балабақша,топ ,балабақша ауласы суреттері.	1
	III-апта	«Біздің ойыншықтарымыз»	Ойыншықтар жайында тақпақ оқу.Оларға күтім керектігін үйрету,сындырмай таза ұстап ойнауға тәрбиелеу.	Әртүрлі ойыншықтар.Ойыншықтар суреттері.	1
	IV-апта	«Ана тілім – тірегім»	Тіл мерекесіне орай ,балалалардың ана тілге деген сүйіспеншілігін арттыру мақсатында ана тіл туралы шығармалармен және шығарма авторларымен таныстыру.	Ана тіліндегі көптеген кітаптар,шығармалар. Жазушылар суреттері.	1

Ай	Апта	Тақырыбы	Мақсаты	Көрнекіліктер	Сағат
Қазан	I-апта	«Алтын күз»	Жыл мезгілі күз мезгілі неге алтын күз деп аталатыны туралы түсініктерін кеңейту.Сурет бойынша табиғаттағы өзгерістерді әңгімелеу.	Күз мезгілінің суреттері,кураған жапырақтар. Слайд.	1
	II-апта	«Дәрумендер»	Күз мезгілінде жемістер мен көкөністердің құрамында мол дәрумендер кездесетінін түсіндіре отыра,оларды бір-бірінен ажыратып,олардың дұрыс,анық аталуын үйрету.	Жемістер мен көкөністердіжинау сәтінен алынған суреттер.Жемістер мен көкөністер муляждары. Слайд.	1
	III-апта	«Қайдан келдің бауырсақ?»	Күз мезгілінде пісетін бидай,дәнді дақылдардан нанның қалай пайда болатынын түсіндіре отыра,сөздік қорларын кеңейту.	Егіс алқабындағы үлкендердің еңбегі бейнеленген суреттер.Дәнді дақылдар суреттері. Слайд.	1
	IV-апта	«Үйдегі менің күнім»	Үйдегі бір күнін қалай өткізетіндігін сұрау.Өз күндерін қызықты өткізуге үйрету.Сөздік қорларын дамыту.	Тәулік уақыты бейнеленген (танертең,күндіз,кеш,түн) суреттер. Слайд.	1

Ай	Апта	Тақырыбы	Мақсаты	Көрнекіліктер	Сағат
Қараша	I-апта	«Мен әдепті баламын»	Қоғамдық орындарда дүкенде, емханада, көлікте өзін қалай ұстау керектігін үйрету. Үлкен кісілердің арасында жай сөйлеу керектігін . Әдепті болуға , қандай мінез құлық көрсету керектігін үйрету.Сөздік қорын дамыту.	Әдепті және әдепсіз қылықтар бейнеленген суреттер.Слайд.	1
	II-апта	«Бір шатырдың астында»	Бір үйде тұратын адамдармен жанұямен көршілермен өзін қалай ұстау ережелерін үйрету .Бірігіп өмір сүру ережелерін үйрету.Сөздік өорларын дамыту.	«Жанұя» сурет бойынша әңгіме.Отбасы мүшелерінің суреттері. Слайд.	1
	III-апта	«Менің мысығым»	Балаларға мысықтың үй жануарларына жататындығын және оның ерекшеліктерін айтқызу.Мысыққа қамқор болу керектігін түсіндіру.	Мысық және марғау суреті.Аудиожазба,слайд.	1
	IV-апта	«Тазалық -таза баланың досы»	Тазалық бұйымдарын сүлгі, сабын сөздерін қатыстырып, 2-3 сөзден тұратын сөйлем құрастыра білуге үйрету. Балаларды таза жүруге үйрету.Еңбекқорлыққа, тазалыққа баулу	Тазалық бұйымдары. Ұқыпты және ұқыпсыз баланы салыстыру бағытында,ы суреттер. Слайд.	1

Ай	Апта	Тақырыбы	Мақсаты	Көрнекіліктер	Сағат
Желтоқан	I-апта	«Елбасы күні»	Елбасы күніне орай тапақтар, өлеңдер жаттау арқылы балалардың сөздік қорын дамыту.	ҚР тұңғыш елбасының суреттері. Слайд	1
	II-апта	«Киім дүкені»	Балаларды киім түрлерімен таныстыру, ұл мен қыздың киімін ажырата білуге үйрету. Үш-төрт сөздермен сөйлем құратып, ауызекі сөйлеу тілдерін дамыту. Қоғамдық жерлерде сөз сөйлеу этикет дағдыларын қалыптастыру	Киімдер суреттері. Ұл және қыз баланың маусымға сай киімдері. Слайд	1
	III-апта	«Тәуелсіз елдің - ұланы»	Балаларды тәуелсіздік, егемен сөздерінің терең мағынасымен таныстыра отыра, Отанға деген сүйіспеншіліктерін арттыру.	ҚР ның елтаңбасы, туы, әнұраны. Слайд	1
	IV-апта	«Мақтаншақ қоян»	Мақтаншақ қоян әңгімесінде тиінға мақтанқанын дос болуға шақырғаны түсіндіріп. Ең соңында қоян өз ісіне ұялғандығын «Неліктен» деген сұрақпен балалармен бірге талқылап, адамгершілікке тәрбиелеуді қадағалау.	«Мақтаншақ қоян» ертегісі бойынша суреттер.	1

Ай	Апта	Тақырыбы	Мақсаты	Көрнекіліктер	Сағат
Қаңтар	I-апта	«Жаңа жыл»	Жаңа жылға өлең-тақпақтарды мәнерлеп айтқызу арқылы тілдерін дамыту. Сөздерді дұрыс,анық айтуға үйрету.	Жаңа жыл мерекесіне қатысты суреттер.Шыршаны безендіру.Слайд	1
	II-апта	«Үй жануарлары қалай дыбыстайды?»	Жануарлардың дауыстары жазылған ұнтаспаны тыңдату арқылы «Жануарлар қалай дыбыстайды?» деген сұраққа жауап беруге үйрету .	Үй жануарлар суреттері. Аудиожазбасы.Слайд	1
	III-апта	«Төлдерін тап»	Үй жануарларымен таныстыруды жалғастыру. Д/о «Төлдерін тап» ойын ойнату арқылы,балалардың төлдерді дұрыс атауға үйрету.	Үй жануарларының төлдерінің суреттері. Аудиожазбасы.Слайд	1
	IV-апта	«Бөлме өсімдіктері»	Бөлме өсімдіктерінің аттарын айтып беру,өсімдіктердің тірі табиғатқа жататынын түсіндіру.Бөлме өсімдіктерін қалай күтсең солай өсетіндігін үйрету.	Әртүрлі бөлме өсімдіктері және суреттері. Шелек,топырақ, Сукұйғыш т.б гүл баптауға арналған құралдар.	1

Ай	Апта	Тақырыбы	Мақсаты	Көрнекіліктер	Сағат
Ақпан	I-апта	«Қыс қызығы»	Балаларды қыс мезгілінің ерекшеліктерімен таныстыра отыра, қыс мезгілінің құбылыстары туралы өз ойларын еркін жеткізе алуын қадағалау, сөздерді байланыстырып, сөйлем құрауға үйрету.	Қыс мезгілі бейнеленген суреттер, боранның, дауылдың дыбысы жазылған аудио жазба. Слайд	1
	II-апта	«Ормандағы аңдар»	Балалардың жабайы аңдар туралы түсініктерін тереңдету. Олардың түрлерін бір-бірінен ажыратуға үйрету. Аңдарды сипаттауға жаттықтыру, тақпақтар арқылы тілдерін дамыту.	Жабайы аңдар суреттері, Аудиожазба, слайд.	1
	III-апта	«Қысқы орман»	Қыс мезгілі туралы түсініктерін бекіту. Қыс мезгілдерінің айырмашылықтарын айтқызу. Сурет бойынша қысқы орманның ерекшеліктерін айтқызу.	Қыс мезгіліндегі орман тіршілігі бейнеленген суреттер. Слайд	1
	IV-апта	«Біздің кішкентай бүлдіршіндер»	Кішкентай балаларға қамқорлықпен қарау туралы түсінік беру, өйткені олар кішкентай, әлсіз өз-өздерін қорғай алмайды. Олармен сөйлескенде жұбату мадақтау сөздері қолдану керек екенін	Суреттер, тақпақтар. Балалардың кішкентай бүлдіршіндерінің суреттері. Сәбилердің күлкісінің	1

			түсіндіру.	аудиосы.Слайд.	
--	--	--	------------	----------------	--

Ай	Апта	Тақырыбы	Мақсаты	Көрнекіліктер	Сағат
Наурыз	I-апта	«Көктем келді»	Көктем мезгіл туралы түсініктерін бекіту.Көктемгі ерекшеліктерді айтып беру.Көктемгі табиғат өзгерістерін сурет бойынша айтқызу,әңгіме арқылы ойларын жеткізуін қалыптастыру.	Көктем мезгілі бейнеленген суреттер. Слайд.	1
	II-апта	«Әрқашан анам болсын»	Балаларға «Анам –ең жақын адам»,сондықтан оларға тек мерекеде емес былай күнде де сыйлау,құрметтеу,көмектесу деген түсінікті қалыптастыра отыра, өз анасы туралы толық әңгімелеп беруді үйрету.	Әр баланың анасының фото суреттері.Өз қолдарымен дайындаған сыйлықтары . Слайд.	1
	III-апта	«Ағаштар бүрленді»	Ағаштың бүршік атқаның бақылату.Бүршіктердің жапыраққа немесе гүлге айналатынын түсіндіру.Көктеп келе жатқан ағашты қиюға сындыруға болмайтындығын туралы түсіндіру.	Көктем мезгілінде бүршік атқан ағаштың суреттері.Слайд.	1
	IV-апта	«Жыл басы –Наурыз»	Балаларға ұлттық мереке мен салт-дәстүрлерді айқындап көрсету. Наурыз мерекесі	Жыл басы Наурыз мерекесі бейнеленген суреттер. Ұлттық ойын түрлері. Слайд.	1

			туралы өз ойын ашық әңгімелеп беруге талпындыру.	
--	--	--	--	--

Ай	Апта	Тақырыбы	Мақсаты	Көрнекіліктер	Сағат
Сәуір	I-апта	«Келіндер құстар»	Көктемнің ерекшелігімен бірге құстардың жылы жақтан келетіндігін түсіндіріп үйрету. «Құстар» деген өлеңді оқып беру. Тыңдап не ұққандарын сұрап, сөздік қорын дамыту.	Құстар суреттері. Құстар дыбысы жазылған аудиожазбаны тыңдау. Слайд.	1
	II-апта	«Ғарыш әлемі»	Ғарыш әлемі, ғарышкерлер туралы балалардың білімдерін бекіту. Балалардың шығармашылық қабілеттерін, байланыстырып сөйлеуін дамыту.	Ғарыш әлемі және ғарышкерлер суреті бейнеленген суреттер. Слайд.	1
	III-апта	«Құс ұясын жасаймыз»	Құстарға қамқорлықты адамдар жасау керектігін және құстың ұясын бұзбауға болмайтындығын үйретіп, сөздік қорын қалыптастыру.	Құстарға қамқорлық жасап жатқан балалардың суреттері. Құстар дыбысы жазылған аудиожазбаны тыңдау. Слайд.	1
	IV-апта	«Кітаптарға қалай қарау керек?»	Мақсаты: Кітаптарға ұқыпты сақтықпен қарау. Кітапқа қараудың түрлі жағдайларын көрсетуді балаларға жалғастыру. Кітап жасаған адамдарға рахмет айту, сыйлау сезімдерін қалыптастыру.	Кітаптарға қарау, жөндеу, ертегілер оқу.	1

Ай	Апта	Тақырыбы	Мақсаты	Көрнекіліктер	Сағат
Мамыр	I-апта	«Ақ көгершін» өлеңі	Мақсаты: Бейбітшілік күніне тақпақ жаттау Көгершін құстың бейбітшілік құсы екенін түсіндіру.Мереке туралы айтып беру.	Альбомдар тамашалау басқа ұлттардың дәстүрлермен мерекелермен таныстыру.	1
	II-апта	«Ер есімі - ел есінде»	Жеңіс күні суреті бойынша әңгіме құрастыру арқылы балалардың сөздік қорын дамыту.	Жеңіс күні,ардагерлер бейнеленген суреттер.Жеңіс күні туралы ән үйрену.	1
	III-апта	«Мақта қыз бен мысық» ертегісі	Балаларға «Мақта қыз бен мысық» ертегісін түсіндіру арқылы кейіпкерлердің іс-әрекеттерін айтқызу,әңгімеге тарту.Сөздік қорларын молайту.	«Мақта қыз бен мысық ертегісі» кейіпкерлері атрибуттары.Слайд.	1
	IV-апта	«Біз не үйрендік?»	Еркін тақырыпта дидактикалық ойын ойнатып сөздік қорларын дамытып, бекіту.	Балалардың өтілген вариативтік компоненттен түсірілген қортынды суреттері. Слайд.	1

Түсініктеме